


Э.ғ.д., профессор Лернер Моисей Григорьевичтің
ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІ



Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің қабырғасындағы Лернер Моисей Григорьевичтің отыс бес жылғы жемісті ғылыми және педагогикалық қызметі, біздің университет тарихының неғұрлым маңызды және жарқын беттерінің бірі екені сөзсіз.

Лернер Моисей Григорьевич 1968 жылдан сауда экономикасы кафедрасында доцент лауазымында Орталықодақтың Қарағанды кооператив институтында жұмыс істей бастады. 1969 жылдан 1980 жылға дейін «Сауда экономикасы» кафедрасының меңгерушісі болды.

Моисей Григорьевич Плеханов атындағы Мәскеу халық шаруашылығы институтын аяқтап, «Саудадағы еңбек шығындарының тиімділігі және қызмет көрсету сапасының проблемасы» тақырыбында 1969 жылы кандидаттық диссертация және: «Халыққа сауда қызметін көрсету саласындағы еңбекті нормалау және ынталандыру проблемалары» деген тақырыпта 1984 жылы докторлық диссертация қорғады.

Моисей Григорьевич Лернер кафедраға жетекшілік етумен бір мезгілде Бүкілодақтық конъюнктура және сұраныс ғылыми-зерттеу институтының лаборатория жұмысын басқарды, КСРО Сауда министрлігі мен КСРО Орталықодағының тапсырысы бойынша бүкілодақ деңгейінде бірнеше ғылыми тақырыптарға жетекшілік етті.

Бүкілодақтық конъюнктура және сұраныс ғылыми-зерттеу институтында тұтыну кооперациясы кәсіпорындарының тапсырыстары бойынша мемлекеттік бюджет, шаруашылық шартпен жасалған тақырыптар орындалды. Оған оқытушылар мен студенттер қатыстырылып, белгілі ғалым ғылыми-зерттеу тақырыптарын топтық әзірлеу, проблемаларды бірлесіп талқылау әдістеріне үйретті, деректерді өз бетімен жинауға, талқылап, ойлауға, оларды өңдеп, талдауға және қорытындылар жасауға үйретті.

Қазіргі уақытта Моисей Григорьевичтің өзі жоқ болса да, оның ғылыми

мектебінің Қазақстанның нарықтық экономикасының проблемаларын зерттеумен табысты айналысып келе жатқандығы, сондай-ақ алынған нәтижелерді Қарағандыда, Алматыда, Павлодарда және біздің республикамыздың өзге қалаларында да енгізуі, М.Г.Лернер құрған мектептің жоғары ғылыми деңгейін растайды.

Қарағанды экономикалық университетінде жұмыс жасаған жылдар ішінде тәжірибелі педагог – М.Г.Лернер тұтастай жас ғалымдар буынын тәрбиеледі, олардың көбісі қазіргі уақытта Қарағанды экономикалық университетінде, сондай-ақ Қазақстан мен Ресейдің өзге ЖОО-ларында жұмыс жасайды, олар: э.ғ.к., профессор С.Н.Улаков, э.ғ.д., профессор Г.К.Сапарова, э.ғ.к., профессор К.А.Ахметова, э.ғ.к., доцент Р.Ш. Нартова, э.ғ.к., профессор А.М.Невматулин, э.ғ.к., профессор Е.К. Ертісбаев және Калининград туризм институтының «Қонақжайлық менеджмент» кафедрасының профессоры – Н.З.Минко және э.ғ.к., доцент, Қазақстанның әр түрлі қалаларындағы мектептер үшін экономикалық математика бойынша бағдарламалардың авторы –Л.Ш.Лысенкер.

Моисей Григорьевич 20 ғылым кандидатын және бір экономика ғылымының докторын дайындады. Оның көптеген шәкірттері қазіргі уақытта экономика, сауда, бизнес саласында табысты жұмыс жасауда. Сергей Ардыльян – Алматы қаласындағы «Темір Банктің» қаржылық талдау және жоспарлау басқармасының бастығы; Ш.Р.Исханов, П.Г.Суетов, В.Б.Юркин, Р.Р.Давлетбаев – кәсіпорындардың басшылары.

Профессор М.Г.Лернердің ғылыми мектебі тұтыну кооперациясы жүйесі үшін зерттеулерді орындау мен нарықтық жағдайларда жеке сауда-өндірістік кәсіпорындармен жұмыстың жиырма жылдық тәжірибесін пайдаланып, аудандық тұтыну одақтарында өндірілетін және дайындалатын тауарлар топтарына және тамақ өнімдеріне кәсіпорындардың жұмыс істейтін аймағындағы нарықтың сыйымдылығын модельдеу үлгісін әзірледі.

Өмірінің соңғы жылдары М.Г.Лернерді нарықтық экономиканың әлеуметтік бағытталушылық проблемалары қатты қызықтырған болатын, кафедраның аспиранттарымен, оқытушыларымен (К.К.Ибитановамен, З.С.Мұхамбетовамен) бірге тауарларға деген халықтың сұранысын қанағаттандыру сапасын арттыру жолымен сауда кәсіпорындарының пайдасын оңтайландырудың инновациялық әдістерін әзірледі.